

2009 жылға арналған халықтың мақсатты топтарын анықтау және оларды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бойынша шаралары туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 7 мамырдағы № А-4/226 қаулысы. Ақмола облысы Степногорск қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 15 маусымда № 1-2-114 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № а-8/523а шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № а-8/523а шешімімен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7 баптарына сәйкес, мақсатты топтардың құрамына кіретін тұлғаларды және әлеуметтік қорғауға ең мұқтаждық ететін азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жәрдемдесу мақсатында Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес, 2009 жылға арналған халықтың мақсатты топтарына кіретін тұлғаларды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелерінің тізбесі белгіленсін.

2. Мақсатты топтарға кіретін тұлғалардың тізімі келесі жұмыссыз азаматтар санаттарымен толықтырылсын:

50 және одан үлкен жастағы әйелдер;
ұзақ уақыт бойы жұмыс істемеген (бір жылдан артық) тұлғалар;
16 жастан 24 жасқа дейінгі жастар.

3. «Степногорск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі халықтың мақсатты топтарына кіретін тұлғаларды жұмыспен қамтамасыз ету бойынша іс шараларды қабылдасын.

4. Жұмыс берушілерге ұсынылсын:

1) халықтың мақсатты топтарына кіретін тұлғаларды жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсету;

2) бос жұмыс орындар (бос лауазымдар) туралы мәліметтер пайда болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде «Степногорск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жіберу;

3) уақытында (оларға азаматтарды жіберілген күнінен бастап бес жұмыс күні

ішінде) жұмысқа қабылдау туралы немесе «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен берілген жолдамасының белгіленген белгісінде жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы себебін көрсете отырып х а б а р д а р е т у .

5. «2009 жылға арналған Степногорск қаласы, кенттер және Қарабұлақ селосы бойынша халықтың мақсатты топтарына кіретін азаматтарын жұмысқа орналастыру үшін жәрдемдесу туралы» Степногорск қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № ә - 10/538 (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізімдемесінде № 1-2-105 болып тіркелген, 2009 жылдың 20 ақпанында «Степногорск ақшамы» және «Вечерний Степногорск» газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Степногорск қаласы әкімдігінің осы қаулысы 2009 жылдың 1 мамырынан бастап қалыптасқан құқықтық қатынастарға тарайды.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Г.Ә. Сәдуақасоваға жүктелсін.

8. Осы Степногорск қаласы әкімінің қаулысы Степногорск қаласының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының
әкімі А. Никишов

КЕЛІСІЛГЕН:

«Степногорск қаласының
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік
мекемесі бастығының м.а. Ф. Жукова

Степногорск қаласы әкімдігінің
қаулысына қосымша

2009 жылға арналған бойынша халықтың мақсатты топтарына кіретін тұлғаларын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелердің тізбесі

№	Кәсіпорының, ұйымның, мекеменің атауы	Халықтың мақсатты топтарынан жұмысқа орналастыру
1	2	3
1	«Қазақалтын ТМК» АҚ	70
2	«Степногорск тау-кен химиялық комбинаты» ЖШС	60
3	«Степногорск подшипник зауыты» АҚ	60
4	«Джет-7» ЖШС	50

5	«Целингормаш» ЖШС	10
6	«Степногорск Темір Жолы» ЖШС	3
7	«Прогресс Агро» ЖШС	2
8	«Машзауыт Мұнай» ЖШС	15
9	«Кайсар СТ» ЖШС	5
10	«Биоком» ЖШС	5
11	«Агровит» ЖШС	2
12	«Транскомнордэнерго» ЖШС	2
13	«СагаКриг ГолдКомпани» ЖШС	10
14	«Прогресс Сельхозхим» ЖШС	2
15	«Горкоммунхоз» ШЖҚ МКҚК	10
16	«№ 13 кәсіпшілік лицей» ММ	3
17	«№ 2 кәсіпшілік лицей» ММ	3
18	«Степногорск қалалық орталық аурухана» МКҚК	15
19	«Степногорск аймақтық психиатриялық аурухана» МКҚК	3
20	«Білім бөлімі» ММ	20
21	«Дене тәрбиесі және спорт бөлімі» ММ	3
22	«Құнарлы» ЖШС	3
23	«Предприятие Торговый Дом» ЖШС	10
24	«Степногорск қалалық емхана» МКҚК	10
25	«Автохозяйство» ЖШС	5
26	Степногорск гуманитарлық-техникалық коледжі	5
27	«Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ	12
28	«Таукен жабдықтау зауыты» ЖШС	3
29	«Тастемір» ЖШС	3
30	«Степногорск-Автотранс» ЖШС	3
31	«Вита СТ» ЖШС	3
32	«Молторг» ЖШС	3
33	«Феникс ЛТД» ЖШС	3
34	«МСУ-81» ЖШС	3
35	«Туберкулезге қарсы аймақтық диспансері» ММ	3
36	«Степногорск көлік басқармасы» ЖШС	3

37	«Строймобил ЧСК» ЖШС	8
38	«Мектептік тамақтандыру» ЖШС	3
39	Өнеркәсіптік биотехнологиялық институты	2
40	«Степногорск-су арнасы» МКҚК	2
41	«Қорғаныс істер жөніндегі бөлім» ММ	2
42	ЕЦ-166/18	2
43	ЕЦ-166/11	2
44	ПИК, ЖИК	15
45	«Шаңтөбе-энерго» ЖШС	8
46	«Степногорск к. әкімінің аппараты» ММ	2
47	«Ақсу к. әкімінің аппараты» ММ	2
48	«Бестөбе к. әкімінің аппараты» ММ	2
49	«Шаңтөбе к. әкімінің аппараты» ММ	2
50	«Заводской к. әкімінің аппараты» ММ	2
51	«Қарабұлақ ауылы әкімінің аппараты» ММ	3
52	СДБОИМ	2
53	«Казфосфат» ЖШС	5
54	«Руслан и Жанна» ЖШС	10
55	«Мирас» МҮ	3
56	«Базис СТ» ЖШС	10
57	«Гербициды» ЖШС	3
58	«Супермаркет Сибирь» ЖШС	3
	БАРЛЫҒЫ:	518

Қысқармалардың толық жазылуы:

АҚ – акционерлік қоғамы;

АҚ ТМК – акционерлік қоғам тау- металлургиялық концерні;

ММ – мемлекеттік мекеме;

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

ПИК – пәтер иелерінің кооперативі;

ЖИК – жайлар иелерінің кооперативі;

СДБОИМ – спортқа дарынды балаларға арналған облыстық мектеп - интернаты;

МҚКК – мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

ШЖҚ МКК – шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
к ә с і п о р н ы ;
МҮ – мәдениет үйі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК